

Самал Жуанышпаева,
М.Қозыбаев атындағы СҚУ-дің доценті.

Тіл үйренуге деген талпыныс

ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ БОЛАШАҚ ӨМІРІНЕ БАҒДАР БЕРЕТІН, ӨНЕГЕЛІ ТӘРБИЕ МЕН САПАЛЫ БІЛІМ НӘРІН ҚҰЯТЫН БАСТЫ ТҮЛҒА - ҰСТАЗ. СОНДЫҚТАН ДА ӘР МҰҒАЛІМ САНАЛЫ ҰРПАҚ - ҰЛТ БОЛАШАҒЫ ЕКЕНДІГІН БАР ЖАН-ТӘНІМЕН ТҮСІНЕ ОТЫРЫП, ЖАС БУЫННЫҢ ӨМІРГЕ ДЕГЕН ДҰРЫС КӨЗҚАРАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА, САБАҚ ЖӘНЕ САБАҚТАН ТЫС ТӘРБИЕЛІК ШАРАЛАРДЫ ӨТКІЗУ БАРЫСЫНДА ӨНЕГЕЛІ ТӘРБИЕНІ НАСИХАТТАЙ ОТЫРА, ШӘКІРТ БОЙЫНА ИМАНДЫЛЫҚ, ЖАУАПКЕРШІЛІК, ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ СЕКІЛДІ АДАМИ ҚАСИЕТТЕРДІ СІңІРУГЕ, ОЗ ПӘНІ БОЙЫНША САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУГЕ НЕГІЗ БОЛА АЛАДЫ.

Мектеп бітірісімен әр бала өз қалаулары бойынша белгілі бір мамандыққа түсіп, колледж немесе жоғары оқу орнының студенті атанады. Осы бір кезең студенттер қауымы үшін жаңа әлем. Өйткені, кәсіби білім беру үрдісі басқа. Мәселен, университетте сабақ бекітілген талапқа сай дәріс, тәжірибелік жұмыс, семинар, практикалық сабақ, коллоквиум, ағымдық бақылаулар, студенттердің оқытушылармен өздік жұмысы, студенттердің жеке өздік жұмысы ретінде өткізіледі. Осы кезеңде студенттердің мектептен алған базалық білімі аңғарылады. Әсіресе, I курс студенттері үшін сауатты жазу, есте сақтау, ойларын дәйекті түрде жеткізу секілді қасиеттер, қалыптасқан жазу мен сөйлеу мәдениеті қажет етіледі.

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің орыс аудиторияларында бірінші курс үшін қазақ тілі, үшінші курстар үшін кәсіби қазақ тілі пәні оқытылады. Кәсіби қазақ тілі сабағында студенттер белгілі бір мамандыққа қатысты ғылыми терминдермен танысып, қазақ тілін кәсіби бағытта меңгереді. Сонымен қатар ресми-іскерлік құжаттар тілін игереді, яғни сабақ барысында жеке іс парағын толтырып, түйіндеме, өтініш, мінездеме, т.б. хаттар түрін жазуды үйреніп шығады.

Университетімізде бірінші курс студенттерін мемлекеттік тілді меңгеру қабілеттеріне қарай деңгейге бөліп оқытамыз. Яғни, А1 - қарапайым, А2-базалық, В1- орта, В2 - ортадан жоғары, С1 - жоғары деп бес топқа бөліп, сол деңгейге сай сабақ жүргізіледі. Сабақ бекітілген жұмыс жоспарына байланысты модуль бойынша өткізіледі. Сабақ барысында оқу-әдістемелік кешенде көрсетілген тілді меңгертудегі төрт әрекет бойынша жұмыс істейміз. Олар: тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым-сөйлесім. Соның нәтижесінде студенттер өздерінің жазбаша, ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыра отыра, оны одан әрі дамытады.

Бірінші семестр аяқталған соң қарапайым деңгейдегі студенттер - тест жұмысын, базалық деңгей- дегілер - бақылау жұмысын, орта деңгейдегілер - шығармашылық бақылау жұмысын, ортадан жоғары деңгейдегі студенттер - эссе, жоғары топтағы студенттер - ғылыми жоба қорғайды. Емтихан нәтижесі бойынша студенттер бір деңгейден келесі бір деңгейге көшіп отырады. Сөйтіп, мемлекеттік тілді бір жыл көлемінде оқып, жылына екі рет емтихан тапсырып, тілді игереді.

Мен орыс топтарына сабақ беремін. Ондағы студенттердің дені орыс мектебін бітіріп келгендер, бірақ араларында қазақша жақсы білетіндері бар. Сабақ барысында студенттерге өңірлік газеттерді оқу туралы тапсырмалар беремін. Өйткені, қазақ тілді басылым оқырманның сөйлеу дағдысын қалыптастырып, рухани кемелденуіне ықпап етеді. Басты мақсат - студенттердің тілін ұстартып, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, қазақ тілінің дамуында қазақ баспасөзінің маңызы зор екендігін сезіндіру, жергілікті газет-журналдармен тереңірек таныстыру.

Сол себепті алдымызда отырған орыс тілді студенттерге қазақ тілінің қадірін ұғындырып, мемлекеттік тілді жетік білуі үшін газет- журналдан мақала, көркем шығармадан үзінді оқуға жаттықтырып, ұлы ақындардың өлең-жырларын жатқа оқуға, сондай-ақ, барынша ұлттық рухта тәрбие беруге тырысып, сабақ және сабақтан тыс шараларда да ұлттық құндылықтар мен халқымыздың сарқылмас рухани қазынасы - салт- дәстүрді насихаттаймыз.

Ұлы ойшыл әл-Фарабидің: "Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы", - деген сөзін

ұстаным еткен университетіміздің практикалық қазақ тілі кафедрасының оқытушылары біліммен қатар тәрбие беруді де өте маңызды деп санайды. Сондықтан жалпыұлттық "Мәңгілік ел" идеясы негізінде азаматтық бірегейлікті және қазақстандық патриотизмді нығайту мақсатында білім ордасында аймақтық "Полиглот" байқауын ұйымдастырып, оған университет пен қаламыздағы орта арнаулы білім беретін колледж студенттері мен әскери институт ұландары қатысты. "Ұлы дала бетбұрысы" атты қалалық мектеп оқушылары арасында эссе байқауы, университетішілік Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған "Абайды оқы, таңырқа" атты викторина, "Тұңғыш Президент" атты онлайн-сабақтар, "Тәуелсіздікті жырлаймыз" атты ән байқауыда өтті. Өскелең ұрпақты ұлтжанды рухта тәрбиелеуде бұл шаралардың маңызы зор екенін айтқан жөн.

// Қызылжар нұры.-2021.- 22 қаңтар.